каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады;

білім алушылармен инновациялық жұмыс тәжірибесін зерделейді және пайдаланады;

"Қоғамға қызмет ету", "Отанға тағзым", "Үлкендерге құрмет", "Анаға құрмет" қоғамдық-пайдалы жұмыстарын ұйымдастырады.;

балалар ұйымдарының, бірлестіктерінің бастапқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыларын) іріктеу және даярлау бойынша жұмысты жүргізеді;

өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, қоғамдық ұйымдармен, білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен тығыз байланыста жұмыс істейді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының ["Білім туралы"](#), ["Педагог мәртебесі туралы"](#), ["Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы"](#)

заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер; педагогика және психология, физиология, гигиена, балалар қозғалысының даму заңдылықтары мен үрдістері; педагогикалық этиканың нормалары; тынығу қызметін, демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемесі; еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе "Педагогика" бағыты бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талап қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат; және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы және педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

95. Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

балалармен жеке және топтық жұмысты дербес ұйымдастыру;

2) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

балалармен диагностикалық жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарын пайдалану, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларына ие болу, өткізілетін тәрбиелік іс - шараларды талдау әдістерін пайдалану, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибені пайдалану;

3) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

ұйымдастыру-әдістемелік қызметті талдау технологияларын пайдалану;

4) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

ұйымдастыру-әдістемелік қызметті талдау технологияларын пайдалану;

облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-те мақұлданған әдістемелік материалдардың болуы.

Ұйымдастырушы педагогтер: Нәзір Бексұлтан Ермаханұлының лауазымдық міндеттері
Лауазымдық міндеттері:

білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасайды;

таланттарды, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

клубтар, үйірмелер, секциялар, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, білім алушылармен, тәрбиеленушілермен жеке жұмысты, дебаттарды, мектеп парламентін ұйымдастырады;

ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың бірін басқарады;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің кештерін, мерекелерін, жорықтарын, экскурсияларын, каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды;

балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады; іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының "[Білім туралы](#)", "[Педагог мәртебесі туралы](#)", "[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы](#)" заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер; педагогикалық этиканың нормалары; педагогика және психология, физиология, гигиена, тәрбие жұмысының әдістемесін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламалары; балалар ұжымдарын, ұйымдар мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек заңнамасы; еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау ережелерін, санитариялық ережелер мен нормалар.

164. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ: балалармен және жасөспірімдермен диагностикалық жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарын пайдалануға;

тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз етуге;

әдістемелік бірлестіктердің, озық тәжірибе мектептерінің жұмысына қатысуға тиіс;

2) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

тәрбие жұмысын талдау әдістерін қолдануға;

балалар мен жасөспірімдерге сараланған көзқарасты ескере отырып, оларды тәрбиелеу әдістемесін дербес әзірлеуге;

жұмыста озық педагогикалық тәжірибені қолдануға тиіс;

3) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдануға, жаңа педагогикалық технологияларды, мақсатты бағдарламаларды әзірлеу, оларды апробациялау бойынша жұмыс жүргізуге, әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерін әзірлеу бойынша шығармашылық топтарды басқаруға тиіс;

4) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдануға;

жаңа педагогикалық технологияларды, мақсатты бағдарламаларды әзірлеуге;

оларды апробациялау бойынша жұмыс жүргізуге;

әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерін әзірлеу бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік етуге;

облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-те мақұлданған әдістемелік материалдардың болуы тиіс.

Қосымша білім педагогы Аблаева Камила Ергешқызының
лауазымдық міндеттері

Лауазымдық міндеттері:

қосымша білім беру саласында білім алушылардың әр түрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады;

үйірмелердегі, секциялардағы, студиялардағы, клубтық және басқа да балалар бірлестіктеріндегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімі ішінде сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақ жоспарлары мен іс-шаралар бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

белгіленген құжаттаманы жүргізеді;

психофизиологиялық мақсатқа негізделген жұмыс формаларын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін анықтайды, жеке тұлғаның дамуына, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дербес қызметін, оның ішінде зерттеу қызметін ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқытудың практикамен байланысын жүзеге асырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды;

білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесін бағалайды;

дарынды және талантты білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдайды;

әр түрлі деңгейдегі және бағыттағы іс-шараларға балалардың қатысуын ұйымдастырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің каникулдық демалысын ұйымдастыруға қатысады;

сабақтар өткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалардың сақталуын қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болады;

ата-аналарға және оларды ауыстыратын тұлғаларға, сондай-ақ педагогтерге консультациялық көмек көрсетеді;

әдістемелік кеңестердің, бірлестіктердің қызметіне, педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған іс-шараларға қатысады;

жүйелі түрде кәсіби біліктілігін арттырады.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының "[Білім туралы](#)", "[Педагог мәртебесі туралы](#)", "[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы](#)" заңдары және білім беру қызметін, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздерін, еңбек заңнамасы;

педагогикалық этиканың нормалары;

тәрбие жұмысының әдістемесін, өнімді, сараланған, дамытушылық оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, құзыреттілік тәсілді іске асыру;

білім алушылармен, әртүрлі жастағы тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен (оларды алмастыратын адамдармен), педагогтармен байланыс орнату, жанжалды жағдайлардың себептерін диагностикалау, олардың алдын алу және шешу әдістері;

білім беру ұйымдарының ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидалары.

160. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе өзге де кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл;

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

зерттеу, эксперименттік жұмыс дағдыларын пайдалануға;

жаңа әдістемелерді сынақтан өткізу бойынша жұмыс жүргізуге;

өңірлік (қалалық) көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың жеңімпаз

балалар ұжымдарын басқаруға тиіс;

2) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдануға;

облыстық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың, жарыстардың жеңімпаз балалар ұжымдарын басқаруға;

педагогикалық басылымдарда әдістемелік жарияланымдарының болуы тиіс;

3) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың,

жарыстардың жеңімпаз балалар ұжымдарын басқаруға;

авторлық әдістемелік әзірлемелері болуы тиіс;

4) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

халықаралық, республикалық конкурстардың, көрмелердің, олимпиадалардың,

жарыстардың жеңімпаз балалар ұжымдарын басқаруға;

авторлық әдістемелік әзірлемелері болуы;

облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-те мақұлданған әдістемелік материалдардың болуы тиіс.

Алғашқы әскери дайындық жетекшісі Нәлібаев Нұржан Қондыбайұлының лауазымдық міндеттері

Лауазымдық міндеттері:

білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты

ұйымдастырады; оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді;

оқу кабинетін жабдықтауға және жабдықтауға қойылатын талаптарды сақтайды;

басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен (топ жетекшілерімен) бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді және оқу полигонының жұмысын үйлестіреді;

білім беру ұйымдарының бастапқы әскери даярлық кабинеттерінің және (немесе) полигондарының материалдық базасын дамыту және нығайту, жабдықтар мен құрал-саймандардың сақталуы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

әскери іс негіздерін зерделеу бойынша үйірмелерге, әскери іс негіздерін зерделеу бойынша әскери-патриоттық клубқа басшылық етеді, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдар бойынша практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді;

әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қою жөніндегі алдын ала

жұмысты ұйымдастырады;

білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, қысылтаяң жағдайларда әрекет ету бойынша іс - шараларды пысықтайды, қорғаныс құрылыстарының, қысылтаяң жағдайларда азаматтық қорғаныс бойынша жеке қорғаныс құралдарының әзірлігін қамтамасыз етеді;

оқу-тәрбие үдерісінде қауіпсіздік шараларын сақтайды;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясын](#), Қазақстан Республикасының "[Білім туралы](#)", "[Педагог мәртебесі туралы](#)", "[Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы](#)", "[Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы](#)" заңдарын, Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, "[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы](#)";

білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу, бастапқы әскери даярлық мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері;

педагогикалық этиканың нормалары;

экономика негіздері, еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Бастапқы әскери оқыту және дене тәрбиесі оқытушысы" мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

"Запастағы офицер", офицерлік құрам лауазымдарында жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжаты бар әскери қызметі болған жағдайда, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл, педагог – сарапшы үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл, педагог-шебер үшін-5 жыл.

71. Кәсіби құзыреттіліктерді айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлауға және ұйымдастыруға тиіс;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын пайдалану;

сандық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

бұдан басқа, "педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі тиіс:

оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау;

білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:
ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын пайдалану;
тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және
әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау;
аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;
аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға
қатысушылардың болуы;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:
сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын пайдалану;
білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;
аудан, қала деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру
және даму стратегиясын айқындау;

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде
тәжірибені жинақтау (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде
олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық
ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:
облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлданған авторлық
бағдарламасы болуы немесе басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік
құралдардың авторы (тең авторы) болуы;

ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;
тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін
дамытуды жоспарлау;

республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы
болу немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың
қатысушыларын дайындау.

Директордың шаруашылық істер жөніндегі орынбасары

Көпжасаров Сайфулла Анарбекұлының лауазымдық міндеттері

1. Мектептің шаруашылық жұмыстарын бақылау, басқару.
2. Мектептің кіріс-шығыстарын есепке алып, қатты және жұмсақ инвентарларды
дер кезінде бухгалтериямен бірге отырып, есебін жүргізу, сақталуын қадағалау;
3. ҚР «Еңбек туралы» Заңына, мектептің еңбек тәртібін ішкі ережелеріне,
мамандығы мен кәсібіне сай оқу орнының кіші қызметкерлерінің міндеттерін
белгілеу,
4. Мектеп кіші қызметкерлерінің жұмысын бақылап басшылық жасау және
жалақы жөнінде табель өткізіп отыру;
5. Мектептің қамқоршы өнеркәсіп орындарымен байланыс жасап отыру.
6. Мектептің жылу жүйесімен, жарықпен, мұздай сумен қамтамасыз етілуін,
тазалығын қадағалау, бақылау.
7. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаңа оқу жылында және жыл бойындағы
кезексіз жөндеу жұмыстарын дер кезінде ұйымдастырып, басшылық жасау.
8. Мектептің коммуналдық қызметті пайдаланудағы үнемдеу іс-шараларын
ұйымдастыру.
9. Мектептің қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты мәселелерін шешуге
көмек көрсету.
10. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндау;
11. Тазалық күндерін, сенбіліктерді өткізуді ұйымдастыру.

Мектеп кітапханашысы Ахаева Гүлмира Мамырқызының лауазымдық міндеттері

1. Еліміздің қоғамдық-экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасының жұмысын жетілдіру.
2. Қ.Р. Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларында көрсетілгендей, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу үшін оқырмандар мен ұстаздарға көмек беруге барлық мүмкіндіктерді тудыру.
3. Қ.Р. «Тіл» туралы заңын басшылыққа ала отырып, кітапхана оқырмандарына әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды ұсына отырып, қазақ тілінде мәдениетті де мәнерлеп сөйлеуге тәрбиелеу.
4. Қ.Р. «Білім» туралы заңының баптарына, стандарттарына, негізгі принциптеріне сүйене отырып, оқу-тәрбие ісіне қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету.
5. Оқырмандарды кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу, өз бетінше білім алуға жәрдем беру, жүйелі түрде оқу барысын қалыптастыру, шығармашылықпен түйіндеу, қабілеттілігін арттыруға көмектесу.
6. Оқушылардың әдеби кітаптарға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.
7. Ұстаздардың кәсіби шеберлігін көтеруге көмектесу.
8. Оқулықтардың қорын көбейту.
9. Әдеби байқаулар өткізу
10. Оқулықтардың сақталуын бақылау.

Орта білім беру ұйымдарының арайы педагогы дефектолог-мұғалім Тәңірбергенова Седептің лауазымдық міндеттері

Лауазымдық міндеттері:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымының, оның ішінде арнаулы мектептердің (мектеп-интернаттардың) арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады;

даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, Жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) сабақтар өткізеді;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді;

басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

тәрбиешілерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация береді;

жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлі нысандарын, білім беру технологияларын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;

психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар), түзету-дамыту бағдарламаларын (психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары және басқа да орталықтар) іске асыратын арнайы білім беру ұйымдарының арнаулы педагогы Кемтар балаларға арнайы

педагогикалық тексеру жүргізеді;

ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысады;
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының,
аутизм орталықтарының арнайы педагогы білім беру ұйымының жоспары мен кестесі
бойынша жеке, кіші топтық және топтық сабақтар өткізеді;

жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске
асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді;

өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырады;

әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қоғамдастықтардың
отырыстарына қатысады;

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға қоғамның толерантты қарым-
қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын
қорғауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының "[Білім туралы](#)", "[Педагог мәртебесі туралы](#)", "[Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы](#)", "[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы](#)" Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері;

өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік
қызметтердің мемлекеттік стандарттары;

арнайы педагогика;

оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;

арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;

педагогикалық этиканың нормалары;

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы
қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жұмыс өтіліне талап қойылмай, "Арнайы білім"
бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық
білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша
жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3
жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін
мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

балалардың дамуы мен жағдайын диагностикалау, дамуындағы ауытқуларды
барынша түзетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін
қолдануы керек;

арнайы мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық педагогикалық және
ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық,
диагностикалық, дамытушылық, коммуникативтік және әдістемелік қызметті жүзеге
асыру;

дефектологияның заманауи әдістерін қолдану;

білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу;

балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін
жоспарлау және ұйымдастыру;

балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал
ету, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, балалардың қажеттіліктерін

ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог – модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

тәрбиеленушілердің дамуында ауытқуларды диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерін қолдану, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау;

3) "педагог – сарапшы":

"педагог – модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

балалардың дамуындағы ауытқулардың алдын алу және түзету әдістері мен тәсілдерін қолдану;

ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

инновациялық педагогикалық тәжірибені зерттеу және енгізу;

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын пайдалану, тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог – сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

дефектология ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалану;

арнайы педагогика және психология;

тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтай отырып, оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану;

қызмет бағыты бойынша басқа ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

облыс деңгейінде қызмет бағыты бойынша әдістемелік әзірлемелерінің болуы;

сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын пайдалану, облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде тәжірибені жалпылауға тәлімгерлікті жүзеге асыру;

психологиялық-педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы;

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

арнайы педагогиканың жаңа жетістіктерін енгізу;

педагогикалық зерттеудің әдіснамалық принциптерін басшылыққа ала отырып, өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыру;

кәсіби даму траекториясына сәйкес өзін-өзі оқыту дағдыларын меңгеру;

авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлдау алған, басып шығарылған бағдарламалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болу;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде әлеуметтік педагогтердің кәсіби қоғамдастығы желісін дамытуды жоспарлау, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

Педагог-кәсіби бағдар беруші Танирбергенов Насрединнің лауазымдық міндеттері
Лауазымдық міндеттері:

Лауазымдық міндеттері:

мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады;

білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім

қабылдауда көмек көрсетеді;

қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі;

кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;

кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;

балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

89. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының Еңбек [Кодексі](#), Қазақстан Республикасының ["Білім туралы"](#), ["Педагог мәртебесі туралы"](#), ["Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы"](#), ["Қазақстан Республикасындағы тіл туралы"](#) Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

педагогикалық этика нормалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

сәйкес келуі тиіс жалпы талаптарға қойылатын педагог-профориентатору, сондай-ақ:

мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау әдістемелерін әзірлеуді және байқаудан өткізуді жүзеге асырады;

кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша оқушылардың қызығушылықтарына зерттеу жүргізеді;

өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

2) "педагог – модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

оқушыларға еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес мамандық таңдауға көмек көрсетеді, әр оқушының жеке бағытын жасауды үйлестіреді;

ұйымдастырушы-педагогтермен-сынып жетекшілерімен, педагог-психологтармен

және медицина қызметкерлерімен бірлесіп Оқушылардың психофизиологиялық дамуына, жеке қызығушылықтары мен уәждемелеріне талдау жүргізеді;

оқушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу жетістіктерін диагностикалау негізінде оқушылармен, олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен консультациялық жұмыс жүргізеді;

кәсіптік бағдар беру мәселелерінде әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) "педагог – сарапшы":

біліктілікке сәйкес келуі тиіс: "педагог-модератор", сондай-ақ:

оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау және мансапты жоспарлау мәселелерінде бағдарламаларды, ережелерді, жоспарларды, меморандумдарды, әлеуметтік практикаларды, жобаларды және өзге де құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

жеке сандық білім беру ресурстарын жасайды;

өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

кәсіби кеңес беру мен кәсіптік бағдарлау жұмысының заманауи отандық, шетелдік тәжірибесін жинақтайды, жүйелейді және практикаға енгізеді;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне, сондай-ақ:

азаматтық сана-сезімі мен патриотизмі бар оқушы тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың жеке қабілеттері мен академиялық адалдығын дамытуға ықпал етеді;

оқушылардың жеке қабілеттерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолданады, оқушылармен жұмыста нәтижелілікті қамтамасыз етеді;

оқушының қызығушылығы мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мұғаліммен бірге негізгі және жоғары мектептерде оқу үшін бейінді пәндерді таңдауға жәрдемдеседі;

бойынша іс-шаралар, семинарлар, мастер-кластар өткізеді.

кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдар беру жұмысы;

5) "шебер-педагог":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне, сондай-ақ:

авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлдау алған, басып шығарылған оқу-әдістемелік құралдардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (тең авторы) болу;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

II бөлім. мектептің ұйымдастыру іс-шаралары

I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ МЕН ДАМУЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімі	Тарату формасы
1.	«Білім туралы», «Педагог мәртебесі» туралы ҚР Заңдары мен білім саласындағы басқа да заңнамалық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету	Қыркүйек-мамыр	Білім беру ұйымының жеке сайты , әлеуметтік желілер
2.	Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының орындалуын қамтамасыз ету. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру	Қыркүйек-мамыр	Білім беру ұйымының жеке сайты , әлеуметтік желілер
3.	Әдістемелік қызметтің негізгі бағыттары бойынша мектептің бұйрықтарының жобаларын әзірлеу	Қыркүйек-мамыр	Білім беру ұйымының жеке сайты , әлеуметтік желілер
4.	Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету	Жыл ішінде	Білім беру ұйымының жеке сайты , әлеуметтік желілер
5.	Мектепішілік жоспарлар мен іс-шараларды іске асыру: «Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және толықтыру» бойынша 2023-2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын іске асыру; «Ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасының алшақтығын төмендету» бойынша 2023 -2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру; <u>Білім беру ұйымдарында жаратылыстану-математика және қоғамдық пәндер мен жаңа технологиялар бойынша дайындығын күшейту мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған «Жол картасын» іске асыру;</u> «Оқуға құштар мектеп» жобасының 2023-2028 жылдарға арналған мектепішілік іс-шаралар жоспарын іске асыру; Білім беру ұйымдарының педагог кадрларды курстан кейінгі сүйемелдеу жұмыстарын жетілдіру мақсатында 2023-2026 ж.ж. арналған кешенді жоспарды іске асыру	Жыл ішінде	Білім беру ұйымының жеке сайты , әлеуметтік желілер

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

2.1. Ұйымдастырушылық жұмыстар

№	Жұмыс түрі	Қатысушылар санаты	Өткізілу мерзімі
1.	Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі» туралы заңдары, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларын жүйелі жүзеге асыру	Оқу орынбасары	Жыл бойы
2.	Оқыту процесінің өзекті мәселелері бойынша мектеп педагогтері үшін практикалық-бағытталған семинарлар ұйымдастыру және өткізу	Оқу орынбасары, мұғалімдер	Жыл бойы
3.	Білім беру ұйымдарына және жекелеген педагогтерге инновациялық қызмет көрсету, тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын жүргізу	Оқу орынбасары	Жыл бойы
4.	Білім сапасының алшақтығын төмендетуде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, Білім инновация лицейлерінің, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерімен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және өткізу	Оқу орынбасары	Жыл бойы
5.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін іске асыру	Оқу орынбасары	Жыл бойы
6.	«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» ұлттық жобасы аясында шараларды ұйымдастыру және өткізу	Оқу орынбасары	Жыл бойы
7.	«Педагогтің кәсіби этикасы», педагогикалық этиканың жалпы қағидаттары мен нормаларының жиынтығы туралы жүйелі түрде жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу (түсіндірме жұмыс жүргізу)	Оқу орынбасары	Жыл бойы

8.	Ұлттық білім беру деректер базасын(НОБД) сапалы толтыруды қамтамасыз ету бойынша мониторинг; әдістемелік, техникалық сүйемелдеу жүргізу	Оқу орынбасары	Қыркүйек тамыз
9.	«BilimClass» электронды журналын сапалы толтыруды қамтамасыз ету бойынша мониторинг; әдістемелік, техникалық сүйемелдеу жүргізу	Оқу орынбасары	Қыркүйек тамыз
10.	Мектепшілік бақылауды жүзеге асыру	Оқу орынбасары	Жыл бойы
11.	<u>ББЖМ, «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» іс-шараларды іске асыру</u>	Оқу орынбасары	Жыл бойы
12.	Бірлестік жетекшілерімен онкүндіктерін, пән апталықтарын ұйымдастыру және өткізу	Оқу орынбасары, бірлестік жетекшілері	Жыл бойы
13.	Әдістемелік кеңестің қызметін ұйымдастыру	Оқу орынбасары	2 айда 1 рет
14.	Сараптау кеңес отырыстарын ұйымдастыру мен өткізу	Оқу орынбасары	Тоқсанынша 1 рет,
15.	БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, мектептің жеке сайтында жарияланымдарды орналастыру	Оқу орынбасары	Үнемі
16.	Оқу орынбасарларының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу	Оқу орынбасары	Тамыз 2024 ж.

2.2. Әдістемелік кеңес

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	
1-кеңес Тамыз			
1.	Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға талдау. Мектептің әдістемелік жұмысының жоспарын, шығармашылық топтардың, бірлестіктердің жылдық жоспарларын бекіту, бірлестік айлықтарын, пәндер онкүндіктерін белгілеу	Тамыз	Е.
2.	Әдістемелік нұсқау хатпен танысу, талдау		
3.	Күнтізбелік, қолданбалы, таңдау курстарының жоспарларын бекіту		
4.	Мұғалімдердің сапалық құрамы, рейтингісі, аттестациядан, курстан өту кестесі, мәліметтер базасын жасақтау		

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	
2 кеңес Қыркүйек			
1	"Жедел жәрдем" жас мұғалім мектебінің жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту	Қыркүйек	Е.
2	"Үйде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру"		Е.
3	PISA халықаралық зерттеулеріне қатысатын білім алушылармен дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы . Мектеп оқушыларының PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық зерттеулерге арналған дайындық тесттердің т.б. құжаттарының базасын құру жұмыстарының жүргізілуі туралы.		К.
4	Озат тәжірибелердің таралуы бойынша сараптамалық тобының жұмысын үйлестіру жұмыстары туралы		
5.	Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін мектептің жұмыс жоспарын әзірлеу		
3 кеңес Қараша			
1.	Мектепішілік пәндік олимпиадалардың материалдарын дайындау ,сараптау ,өткізу кестесін бекіту	Қараша	
2.	Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, талапқа сай жабдықталуы		
3.	ББЖМ бойынша, Мемлекеттік бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары		
4.	Пән мұғалімдерінің «BilimClass» электрондық журналын жүргізу туралы		
5.	Ағылшын тілін және жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология) кіріктіріп оқыту жұмыстарының жүргізілуі туралы		
6.	Дарынды балалармен жұмыс ."Дарын" ОҒҚ жұмысы,байқаулардың қорытындысы		
7.	Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары, АКТ құзыреттілігі		
8.	Оқушылар арасындағы мінез –құлық ауытқулары мәселелерін шешуде психологиялық анықтаумен түзету жолдары		
9.	Оқушылардың дәптермен жұмысын тексерудің сапасы		
4 кеңес Қаңтар			
1.	Сабақты зерттеудің (Lesson Study) тәсілдерін пайдаланудың оқыту үдерісіне әсері	Қаңтар	
2.	Олимпиадалардың,байқаулардың қорытындысы:жетістіктер мен кемшіліктер		
3.	Мұғалімдердің құжаттарын тексеру қорытындысы		
4.	Пән мұғалімдерінің «BilimClass» электрондық журналын жүргізу туралы		
5.	Нормативті құжаттардың орындалу барысы		
6.	Мектепте инклюзивті білім берудің және үйде оқытудың жағдайлары		
7.	Жас мамандармен тәлімгерлердің жұмысының сапасы		
8.	Әдістемелік құрал,нұсқаулықтарды ,жинақтарды ,кешендерді талқылау,бекіту.		

9.	I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектептің рейтинг қорытындысын талда		
5 кеңес Наурыз			
1.	Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілуі туралы	Наурыз	
2.	«Оқуға құштар мектеп» жаңа жобасының мектеп кітапханасында іске асырылуы туралы		Қ.
3.	"BilimClass" жүйесі .Электронды журнал,электронды күнделік ,құжаттардың жүргізілуі		
4.	Оқу кабинеттерінің талапқа сай жүргізілуі		
5.	Арнайы жабдықталған химия ,физика,информатика кабинеттеріндегі сарамандық жұмыстардың орындалу дәрежесі		
6.	Мектепте пәндерді оқытуда оқытуда цифрлық платформаларды пайдалану»		
7.	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың барысы,қорытындысы		
8.	Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері		Н.
6 кеңес Мамыр			
1.	Өткізілген апталықтардың қорытындысы	Мамыр	
	Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшу емтихан материалдарын сараптау,дайындау		
3.	9 сыныптардағы бағдаралды және бағдарлы оқытуды зерттеу қорытындысы		
4.	"Ең үздік бірлестік жетекшісі" Пән әдістемелік бірлестіктерінің ,шығармашылық топтардың ,мұғалімдердің жыл ішінде атқарған жұмыстары,байқауларға қатысу көрсеткіші		
5.	Бірлестіктерде инновациялық жобаның енгізілу қорытындысы		
6.	"Үздік авторлық бағдарлама",ғылыми жоба байқауларының қорытындысы		
7.	Келесі оқу жылына жұмыстарды жоспарлау,талдау,шығармашылық ізденістер		

III. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту

Қ/с	Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі
1.	«Білім туралы » заңды жүзеге асыру бойынша жұмыстар, Мемлекеттік білім беру стандартын орындау жұмыстары. Мектептің мөлтек ауданы бойынша	1. 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ	Тамыз
		2. Сынып комплектілерін бекіту	Тамыз
		3. Мұғалімдердің жүктеме сағаттарын бекіту	Тамыз
		4. Алфавит кітапті тексеру	Жылы

тартуды жүзеге асыру	5. Сынып оқушыларының тізімі	Тамыз
	6. 10 сыныпқа балаларды қабылдау (жеке құжаттары)	Әр тоқсайын
	7. Оқушылардың оқулықпен толық қамтамасыз етілуін қадағалау.	Әр тоқсайын
	8. Стандартқа сай сабақ кестесін құрап, бекіту	Үнемі
	9. Пән мұғалімдерінің құжаттарын, күнделікті және күнтізбелік жоспарларын, өзара сабаққа қатысатын және өз білімін жетілдіретін құжаттарын тексеру.	Үнемі

I V. Оқыту мен тәрбие үдерісін жетілдіру . Оқу процесін басқару

Қ/С	Мерзімі	Өткізілетін жұмыстың мазмұны	Мақсаты
1.	Тамыз	Білім сапасын көтерудің перспективалық жоспарын жасау,бекіту	Инновациялық әдіс тәсілдерді енгізе отырып , Жоспарлау
2.	Қыркүйек	«Үштілді оқытудың тиімді жолдары: проблема және оның шешу жолдары».	Үштілдікті оқытуда білім сапасын көтеру бойынша педагогикалық тәжірибемен алмасу
3.	Үнемі	Тиімді оқыту әдістерін қолдау арқылы білім сапасын арттыру.	Сабақта шығармашылық тапсырмалардың ,инновациялық әдіс-тәсілдердің қолданылуын бақылау
4.	Қараша	Оқу пәндерін оқыту мен оның дайындығын жетілдіру	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын әдістер таңдаудағы мұғалім қызметіне талдау жасау.Сыныптар арасындағы сабақтастық
5.	Желтоқсан	10-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау жұмыстарын жүргізу.	Оқушылардың білім, білік, дағды жағдайы сараптау. Аралық және қорытынды аттестация бойынша таңдау пәндерінің мемлекеттік стандартқа сай берілуін қадағалау
6.	Үнемі	ББЖМ жұмыстарын жандандыру	4 ,9,11 сыныптар бойынша білім,білік дағдыларын сараптау
7.	Ақпан	Негізгі пәндердің оқытылу жағдайын тексеру.	Бағалаудың шыншылдығы , негізгі пәндердің игерілуі
8.	Наурыз	Білім сапасына мониторинг жасау	Білім нәтижелерінің шынайы мониторингі жасау,алдағы міндеттер
9.	Сәуір	Танымдық оқу әрекет деңгейі жоғары оқушылармен жүргізілетін жұмыстар	Оқушылармен жеке жұмыс жасауға жасалған жағдайға,әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жұмысына талдау жасау
10	Мамыр	Оқуға ынтасы төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс	Оқуға ынтасы төмен оқушылардың қосымша сабақтарға қатысуын тексеру.

V. Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Мақсаты : мектептің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып,ғылыми жұмыстарға басшылық жасау

Қ/с	Мерзімі	Өткізілетін жұмыстың мазмұны	Мақсаты	Қ/с
1.	Тамыз	Білім беру стандарты, күнтізбелік жоспарды жасауға қолданылатын бірыңғай талаптар, әдістемелік нұсқау хатпен, мектеп	Жоспарлардың стандартпен, мектеп жоспары бағытымен сәйкестігін қамтамасыз ету	X

		құжаттарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу, талдау		
		Педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы базасын даярлау	Ұстаз еңбегін бағалау	К
2.	Қыркүйек	2022-2023 оқу жылындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысына талдау. 2023-2024 оқу жылындағы міндеттер, негізгі бағыттар, ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.	Талдау, алдағы оқу жылының проблемаларын ашу мектеп дамуын анықтау.	Ж
		Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларын бекіту,	Жоспардың бағдарламаға сәйкестігін анықтау	Х
		Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуін қадағалау.	Оқу процесіне жағдай жасау	М
		Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларды анықтау	Оқушылардың білім деңгейін анықтау, білім нәтижесі бойынша қосымша жұмыстар белгілеу	Т
3.	Қазан	BilimClass жүйесінің жұмысы, толтырылуы	Мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау	А
		Пән олимпиадаларын, оқушылар конференцияларын өткізу, дайындық жұмыстары	Тапсырмалар деңгейі, сапасы және оқушылардың дайындық деңгейін сараптау	О м с
4.	Қараша	Пән кабинеттерінің оқушылардың білімін арттырудағы рөлін анықтау, талапқа сай жабдықталуы	Кабинеттегі оқу-әдістемелік құралдар мектеп бағдарламасындағы білімге сай болуын қадағалау	Х
		Бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларының талапқа сай жүргізілуі	Мектеп құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау	С
		I жарты жылдыққа жоспарланған байқауларды талапқа сай өткізу	Жұмыс сапасын анықтау	Х
5.	Желтоқсан	Әдістемелік бірлестіктер жұмыстарының қорытындысы.	Кемшіліктерді анықтау, жұмыс бағыттарын белгілеу	С
		Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарларының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі, қысқа мерзімді жоспарлардың талапқа сай жүргізілуі	Мемлекеттік стандарттың орындалуы	А
		Пән бірлестіктеріне енгізілген инновациялық жобалар бойынша атқарылған жұмыстар есебі	Инновациялық жобалардың тиімділігі	А
6.	Қаңтар	II ж.ж. бақылау, тәжірибе жұмысы, тест, тексеру жұмыстарын өткізу кестесін талдау	Оқушыларға арналған оқу жүктемесінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін бақылау	Х

7.	Ақпан	Пән кабинеттерін жұмыс жоспарларына сай жабдықтаудың жүргізілуі	Кабинеттердің жылдық жұмыс жоспарының орындалу барысы	X
8.	Наурыз	Әдістемелік бірлестіктер жұмысының қорытындысы	Кемшіліктерді анықтау, жұмыс бағыттарын белгілеу	C
9.	Сәуір	Мемлекеттік емтихан материалдарын дайындауға нұсқаулық	Емтихан материалдарын дайындауға қойылатын талаптарды таныстыру	H
10.	Мамыр	Пән кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау	Жаңа оқу жылына міндеттер қою	X
		Емтиханға дайындық жұмыстарын жүргізу	Тапсырмалар деңгейі, сапасы және оқушылардың дайындық деңгейін анықтау	E m
		Әдістемелік бірлестіктердің 2023-2024 оқу жылында алдына қойған мақсаты. 2023-2024 оқу жылында істелген жұмыстардың есебі.	Жұмыс нәтижесін шығару	ca

VI. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, курстық даярлауды жоспарлау, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру

Мақсаты: Мектеп мұғалімдерінің оқу үрдісінде жаңа технологияларды оқып-үйреніп, бүгінгі күн талабына сай қолдана білу, шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау.

Қ/с	Өткізілу мерзімі	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мақсаты	Қорытынды формасы
Мұғалімдерге әдістемелік және практикалық көмек беруге бағытталған зерттеу жұмысы				
1.	Қыркүйек	Мектеп мұғалімдері туралы мәліметтер базасын құру	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру қажеттіліктерін анықтау	Мұғалімдердің сандық сапалық құрам жинақ
		ӘБ жетекшілерінің 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту	Жоспарлау	Хаттама
Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеруге бағытталған жұмыстар				
